

Сумен жабдықтау және су бұру ұйымдарының елді мекендерде бар активтерді кеңейту, жаңғырту, реконструкциялау, жаңарту, ұстап тұру және жаңа активтер құру жөніндегі жобаларды іске асыру үшін тартылған халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздарын өтеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығындарын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 30 шілдедегі № 287 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 5 тамызда № 36573 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Су кодексінің 25-бабының 2-тармағының 4) және 12) тармақшаларына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 864 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 486) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 23.01.2026 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес Сумен жабдықтау және су бұру ұйымдарының елді мекендерде бар активтерді кеңейту, жаңғырту, реконструкциялау, жаңарту, ұстап тұру және жаңа активтер құру жөніндегі жобаларды іске асыру үшін тартылған халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздарын өтеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығындарын субсидиялау қағидалары бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес кейбір бұйрықтарының күші жойылсын.

3. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен.

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

міндетін атқарушы

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылыс
министрі міндетін атқарушының
2025 жылғы 30 шілдедегі
№ 287 бұйрығына
1-қосымша

Сумен жабдықтау және су бұру ұйымдарының елді мекендерде бар активтерді кеңейту, жаңғырту, реконструкциялау, жаңарту, ұстап тұру және жаңа активтер құру жөніндегі жобаларды іске асыру үшін тартылған халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздарын өтеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығындарын субсидиялау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Сумен жабдықтау және су бұру ұйымдарының елді мекендерде қолданыстағы активтерді кеңейту, жаңғырту, реконструкциялау, жаңарту, ұстап тұру және жаңа активтер құру жөніндегі жобаларды іске асыру үшін тартылған халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздарын өтеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығындарын субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Су кодексінің 25-бабының 2-тармағының 4) және 12) тармақшаларына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 864 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 486) тармақшасына сәйкес әзірленді және сумен жабдықтау және су бұру ұйымдарының елді мекендерде қолданыстағы активтерді кеңейту, жаңғырту, реконструкциялау, жаңарту, ұстап тұру және жаңа активтер құру жөніндегі жобаларды іске асыру үшін тартылған халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздарын өтеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығындарын тиісті қаржы жылына арналған республикалық және жергілікті бюджеттерде көзделген қаражат есебінен және шегінде субсидиялау тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 23.01.2026 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі – жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын, сумен жабдықтау және су бұру жекелеген функцияларды жүзеге асыруға облыс, республикалық маңызы бар қалалар және астана әкімдігі уәкілеттік берген мемлекеттік мекеме;

2) жұмыс тобы – сумен жабдықтау және су бұру ұйымдарының елді мекендерде бар активтерді кеңейту, жаңғырту, реконструкциялау, жаңарту, ұстап тұру және жаңа активтер құру жөніндегі жобаларды іске асыру үшін тартылған халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздарын өтеу және оларға қызмет көрсету бойынша шығындарын субсидиялау үшін бюджеттік қаражаттарды беру бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу жөніндегі консультациялық-кеңесші орган;

3) инвестициялық бағдарлама – инвестициялық бағдарламаның нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізуден немесе табиғи монополия субъектісі қызметінің көрсеткіштерін қолда бар деңгейде сақтаудан көрінетін техникалық-экономикалық және (немесе) экологиялық нәтиже алу мақсатында табиғи монополия субъектісінің қолда бар активтерін кеңейтуге, жаңғыртуға, реконструкциялауға, жаңартуға, ұстап-тұруға және жаңа активтерін жасауға бағытталатын қаражатты салу және қайтару жөніндегі іс-шаралар жоспары;

4) кредиттік шарт – халықаралық қаржы ұйымымен және субсидия алушы арасында жасалған инвестициялық жобаны іске асыру туралы шарт;

5) өтінім – шығыстар көлемін негіздеу үшін жасалатын құжаттардың жиынтығы болып табылады;

6) республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі – сумен жабдықтау және су бұру ұйымдарының елді мекендерде бар активтерді кеңейту, жаңғырту, реконструкциялау, жаңарту, ұстап тұру және жаңа активтер құру жөніндегі жобаларды іске асыру үшін тартылған халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздарын өтеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығындарын субсидиялау кезінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарын үйлестіруді жүзеге асыратын уәкілетті орган;

7) субсидиялау – субсидия алушыға халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздарын өтеуге және оларға қызмет көрсетуге республикалық және жергілікті бюджеттерден қайтарымсыз төлемдер беру;

8) субсидия алушы – табиғи монополиялар субъектілері болып табылатын сумен жабдықтау және су бұру саласындағы ұйымдар;

9) субсидиялау шарты – төлемдерді жүзеге асыру тәртібін, төлеу мерзімдерін, тараптардың жауапкершілігін және есептілікті ұсынуды көздейтін, субсидиялар алушы мен ЖБ әкімшісі арасында жазбаша түрде жасалатын келісім;

10) уәкілетті орган – тиісті табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

11) үшжақты келісім – республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі жергілікті атқарушы органмен және халықаралық қаржы ұйымымен қолданыстағы активтерді кеңейту, жаңғырту, реконструкциялау, жаңарту, қолдау және жаңа активтер құру жөніндегі жобаларды іске асыру туралы жасасатын келісім;

12) халықаралық қаржы ұйымы – заңды тұлғаларға қарыз және (немесе) кредит түрінде қаржылық көмек көрсетуді жүзеге асыратын халықаралық қаржы ұйымы.

3. Республикалық бюджеттен қаражат беру үшін республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі жұмыс тобын құрады, оның құрамына республикалық бюджеттік бағдарлама әкімшісінің құрылымдық бөлімшелерінің, уәкілетті органның, мүдделі мемлекеттік органдардың және халықаралық қаржы ұйымының өкілдері кіреді.

Жергілікті бюджеттен қаражат беру үшін жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі жұмыс тобын құрады, оның құрамына жергілікті атқарушы және өкілді органдардың құрылымдық бөлімшелерінің, мәслихат депутаттарының, уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің, халықаралық қаржы ұйымының өкілдері кіреді.

2-тарау. Сумен жабдықтау және су бұру ұйымдарының елді мекендерде бар активтерді кеңейту, жаңғырту, реконструкциялау, жаңарту, ұстап тұру және жаңа активтер құру жөніндегі жобаларды іске асыру үшін тартылған халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздарын өтеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығындарын субсидиялау тәртібі

4. Субсидиялау:

кейін халықаралық қаржы ұйымының қарыздарын өтеу және оларға қызмет көрсету бойынша субсидия алушылардың шығындарын субсидиялау үшін жергілікті атқарушы органдарға республикалық бюджеттен нысаналы трансферттер беру жолымен;

тиісті жылға арналған облыстық бюджетте, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінде халықаралық қаржы ұйымының қарыздарын өтеу және оларға қызмет көрсету бойынша субсидия алушылардың шығындарын субсидиялауға көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылады.

5. Субсидиялар мынадай өлшемшарттар сақталған кезде беріледі:

1) субсидия алушы – табиғи монополиялар субъектісі;

2) субсидия алушыда халықаралық қаржы ұйымымен жасасқан кредиттік шарттың болуы;

3) үшжақты келісімнің болуы;

4) халықаралық қаржы ұйымының қарыздарын өтеуге және оларға қызмет көрсетуге бекітілген тарифтік сметаларда көзделген шығындардың болмауы немесе жеткіліксіздігі;

5) инвестициялық жобаның және инвестициялық жобада көзделген іс-шараларды іске асырудың экономикалық және әлеуметтік тиімділігі, (әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер, оның ішінде көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту, қосылатын

тұтынушылар санын ұлғайту, жұмыс орындарын (уақытша, тұрақты) құру, сондай-ақ сумен жабдықтау және су бұру желілерінің тозуы мен авариялылығын азайту, тұтынушылардан алынатын дебиторлық берешекті қысқарту, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде (бұдан әрі – Салық кодексі) көзделген салықтарды төлеу бойынша міндеттемелерді уақтылы орындау.

6. Субсидиялау мерзімі субсидиялау өлшемшарттары мен шарттарына сәйкес келген жағдайда субсидия алушы халықаралық қаржы ұйымы кредитін алатын, оған қызмет көрсететін және өтейтін уақыт кезеңіне айқындалады.

7. Субсидия беру халықаралық қаржы ұйымының кредиттік қаражатын алғанын растайтын құжаттарды ұсына отырып, бірінші басшы (немесе оны алмастыратын адам) бекіткен субсидия алушы есептерінің негізінде жүргізіледі.

8. Субсидия алушы:

1) анық және негізделген есептеулерді ұсынуды қамтамасыз етеді;

2) қаражатты халықаралық қаржы ұйымының қарыздарын өтеуге және оларға қызмет көрсетуге ғана пайдаланады;

3) қарыз мерзімі ішінде халықаралық қаржы ұйымының қарызын өтеуге және оған қызмет көрсетуге арналған шығыстарды көздейтін тарифтік сметаны қоса бере отырып, оның қолданылу мерзімі өткен соң тарифті бекітуге уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне өтінім беруді қамтамасыз етеді.

9. Субсидиялар мерзімі өткен кредит берешегі бойынша есептелген және төленген пайыздарды төлеу жөніндегі негізгі борышты және өзге де шығындарды өтеуге, сондай-ақ жарғылық капиталға қатысу мақсатына, шаруашылық қызметінің шығындарын және субсидия алушының салық міндеттемелерін жабуға берілмейді.

10. Егер тарифтік сметада халықаралық қаржы ұйымының қарыздарын өтеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған қаражаттың бір бөлігі көзделсе, халықаралық қаржы ұйымының қарыздарын өтеуге және оларға қызмет көрсетуге бөлінген субсидиялар сомасы өтеуге және тарифтік сметада көзделген шығыстар арасындағы айырма ретінде айқындалады. Халықаралық қаржы ұйымының несиелеріне қызмет көрсету және несиелік келісімге сәйкес халықаралық қаржы ұйымының қарыздарын өтеу және қызмет көрсету үшін қажетті шығындар.

Халықаралық қаржы ұйымының кредиттерін өтеуге және оларға қызмет көрсетуге бөлінген субсидиялардың жалпы сомасы мыналармен анықталады:

Халықаралық қаржы ұйымының кредитін өтеуге және оған қызмет көрсетуге қажетті шығыстардың жалпы сомасының 10%-нан кем емес мөлшерінде жергілікті бюджеттен;

жергілікті бюджеттен бөлінген субсидияларды ескере отырып, халықаралық қаржы ұйымының кредиттерін өтеуге және оларға қызмет көрсетуге шығыстардың қажетті сомасы мөлшерінде республикалық бюджеттен;

Бұл ретте халықаралық қаржы ұйымының қарызын өтеуге және оған қызмет көрсетуге республикалық бюджеттен бөлінген субсидиялардың жалпы сомасы халықаралық қаржы ұйымының қарызы бойынша негізгі борыш сомасынан аспауы керек.

Республикалық бюджеттен қарызды өтеуге және оған қызмет көрсетуге бөлінетін субсидиялар сомасы, халықаралық қаржы ұйымының қарыздарын өтеуге және оған қызмет көрсетуге арнаған тарифтік сметада көзделген қаражат жеткіліксіз болған кезде, онда субсидиялар жергілікті бюджеттен өтелуге жатады.

Бөлінген субсидиялар мөлшері коммуналдық қызметтерге тарифтің өсуіне қарай субсидиялаудың бүкіл мерзімі ішінде кезең-кезеңімен азайтылады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 23.01.2026 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Егер уәкілетті орган субсидиялардың қажетті көлемін азайтуға әсер ететін халықаралық қаржы ұйымының қарызын өтеуге және оған қызмет көрсетуге арналған шығындарды көздейтін тарифтік сметаны бекіткен жағдайда, бұрын мақұлданған субсидиялар сомасы осы Қағидаларда көзделген тәртіппен субсидия алушының өтінім беруі арқылы қайта қаралады.

12. Субсидияларды алу үшін субсидия алушы жергілікті атқарушы органға мынадай құжаттарды жолдайды:

1) субсидия беруге өтінім (бұдан әрі-өтінім);

2) субсидияларды ұсыну қажеттілігі туралы түсіндірме жазба (инвестициялық жобаны іске асырудан күтілетін әлеуметтік-экономикалық әсер, оның ішінде ұсынылатын қызметтер сапасын жақсарту, қосылатын тұтынушылар санын ұлғайту, жұмыс орындарын (уақытша/тұрақты) құру, сондай-ақ сумен жабдықтау және су бұру желілерінің тозуын және апаттылығын төмендету, тұтынушылардан дебиторлық берешекті қысқарту, Салық кодексіне сәйкес салықтарды төлеу бойынша міндеттемелерді уақтылы орындау, халықаралық қаржы ұйымымен жүргізілген жұмыс туралы ақпараты, халықаралық қаржы ұйымының қарызын өтеуге және оған қызмет көрсетуге субсидия бөлінген (бөлінбеген) жағдайда көрсетілетін қызметтер тарифінің шамасын талдай отырып, тарифтік сметаларда халықаралық қаржы ұйымының қарыздарын өтеуге және қызмет көрсетуге арналған қаражаттың болуын (болмауын) көрсете отырып, халықаралық қаржы ұйымының қарыздарын өтеу және оларға қызмет көрсету үшін тарифтің шамасын арттыру мүмкіндігінің (мүмкін еместігінің) перспективаларын талдауы бар);

3) кредиттік шартының көшірмесі;

4) үшжақты келісімнің көшірмесі;

5) халықаралық қаржы ұйымымен келісілген халықаралық қаржы ұйымының қарызын өтеуге және оған қызмет көрсетуге арналған субсидиялардың қажетті сомасын растайтын есеп айырысулар;

6) қолданыстағы тарифті және тарифтік сметаны бекіту туралы бұйрықтардың көшірмелері;

7) бекітілген (бекітілген өзгертілген) инвестициялық бағдарламалар бұйрықтарының көшірмелері;

8) соңғы 3 (үш жыл) тарифтік сметалардың орындалуы туралы есептер;

9) соңғы 3 (үш жыл) инвестициялық бағдарламалардың орындалуы туралы есептер;

10) өзге кредит беруші банктер алдында мерзімі өткен берешектің жоқ/бар екендігі туралы анықтама;

11) өтінім беру сәтінде субсидия алушының салық органдарында есеп жүргізілетін берешегінің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер;

12) бірінші басшы мен бас бухгалтердің қолы қойылған соңғы үш жылдағы қаржылық есептілік.

Субсидияны әлеуетті алушы "Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті аудитке жататын жағдайда, қаржылық есептіліктің аудиторлық есебі ұсынылады.

Қаржылық есептілік "Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының талаптарына сәйкес, оның ішінде басқа ұйымдардағы қаржылық қатысу туралы акпаратты қоса бере отырып, теңгерім валютасында 10% және одан да көп алатын теңгерім баптарының егжей-тегжейлі түсіндірмесін қоса бере отырып ұсынылады;

Құжаттардың парақтары нөмірленеді, тігіледі және мөрленеді.

Бұл ретте, осы тармақтың 1), 5) және 12) тармақшаларында көрсетілген құжаттарға субсидия алушының бірінші басшысы (немесе оның орнындағы адам) және бас бухгалтері қол қояды және олар мөрмен (субсидия алушыда ол болған кезде) расталады.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 23.01.2026 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшісі ұсынылған құжаттар құрамының толықтығын және дұрыс толтырылуын тексереді.

Құрамы толық болмаған және (немесе) дұрыс толтырылмаған құжаттар ұсынылған жағдайда, жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшісі 2 (екі) жұмыс күні ішінде ескертулер толық жойылғанға дейін құжаттарды субсидия алушыға қайтарады.

Субсидия алушы 5 (бес) жұмыс күні ішінде ескертулерді жояды және жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне құжаттарды қайта қарауға жолдайды.

14. Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі өтініш тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтінімді және субсидия алушы ұсынған құжаттарды жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісінің жұмыс тобының қарауына береді.

Жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің жұмыс тобы 5 (бес) жұмыс күні ішінде субсидиялар алушының осы Қағидалардың 5-тармағында аталған субсидияларды алу критерийлеріне сәйкестігіне объективті және жан-жақты бағалау жүргізеді, субсидиялар алушының халықаралық қаржы ұйымының қарызын өтеуге және оған қызмет көрсетуге арналған субсидиялардың қажетті сомасын растайтын есептеулерді тексереді және жергілікті бюджеттен субсидиялауға бюджет қаражатын беру бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар береді.

Жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің жұмыс тобы отырысының қорытындысы бойынша отырыс хаттамасы ресімделеді, оған жұмыс тобының барлық мүшелері қол қояды (еркін нысанда).

Субсидия алушы осы Қағидалардың 5-тармағында аталған субсидияларды алу критерийлеріне және халықаралық қаржы ұйымының қарызын өтеуге және оған қызмет көрсетуге арналған субсидиялардың қажетті сомасын растайтын субсидия алушының есептеулеріне сәйкес келмеген жағдайда, жергілікті атқарушы орган жұмыс тобы отырысының хаттамасы қалыптастырылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде өтінімді қараудан бас тартады немесе өтінімді жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің жұмыс тобы отырысының хаттамасының көшірмесін қоса бере отырып, субсидия алушыға түзету үшін қайтарады.

Жергілікті бюджеттен субсидиялауға бюджет қаражатын беру жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдар болмаған жағдайда жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшісі 10 (он) жұмыс күні ішінде жергілікті атқарушы органның қаулысымен жергілікті бюджеттен субсидиялар көлемдерін бекітуді қамтамасыз етеді және өтінімді, жергілікті атқарушы орган қаулысының көшірмесін қоса бере отырып, осы Қағидалардың 15-тармағында көрсетілген құжаттардың толық пакетін республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне жібереді.

15. Республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі өтінім тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтінімді және субсидия алушы ұсынған құжаттарды республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісінің жұмыс тобының қарауына береді.

Республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісінің жұмыс тобы 5 (бес) жұмыс күні ішінде субсидиялар алушының халықаралық қаржы ұйымының қарызын өтеуге және оған қызмет көрсетуге арналған субсидиялардың қажетті сомасын растайтын есептеулерін тексереді және республикалық бюджеттен субсидиялауға бюджет қаражатын беру жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдар береді.

Республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісінің жұмыс тобы отырысының қорытындылары бойынша жұмыс тобының барлық мүшелері қол қоятын отырыс хаттамасы ресімделеді (еркін нысанда).

Субсидиялар алушының халықаралық қаржы ұйымының қарызын өтеуге және оған қызмет көрсетуге арналған субсидиялардың қажетті сомасын растайтын есептеулері сәйкес келмеген жағдайда, республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі жұмыс тобы отырысының хаттамасы қалыптастырылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде өтінімді қараудан бас тартады немесе өтінімді республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісінің жұмыс тобы отырысының хаттамасының көшірмесін қоса бере отырып, субсидия алушыға түзету үшін қайтарады.

Республикалық бюджеттен субсидиялауға бюджет қаражатын беру жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдар болмаған жағдайда республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі 10 (он) жұмыс күні ішінде бюджеттік өтінімді қалыптастырады және бюджеттік заңнамада белгіленген тәртіппен бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға жібереді.

16. Республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне қаражат беру тиісті қаржы кезеңіне арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңымен бекітілген қаражат шегінде тиісті бюджеттік бағдарлама шеңберінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 23.01.2026 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі халықаралық қаржы ұйымының қарыздарын өтеу және оларға қызмет көрсету бойынша субсидия алушылардың шығындарын кейіннен субсидиялау үшін жергілікті атқарушы органдарға нысаналы трансферттер түрінде қаражат жібереді.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 23.01.2026 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Жергілікті атқарушы орган субсидиялау шартына сәйкес тиісті кезеңге бірінші басшы (немесе оны алмастыратын адам) бекіткен, халықаралық қаржы ұйымымен келісілген субсидияларды алушының есеп айырысуы және халықаралық қаржы ұйымының төлем шоттары негізінде субсидиялар төлеуді жүргізеді.

Өткен қаржы жылында бюджет қаражаты пайдаланылмаған немесе толық пайдаланылмаған жағдайда, жергілікті атқарушы орган бюджет заңнамасында белгіленген тәртіппен бюджет қаражатының пайдаланылмаған бөлігін жоғары тұрған бюджетке қайтаруды қамтамасыз етеді.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 23.01.2026 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Есептілікті ұсыну тәртібі

19. Есептілікті жүзеге асыру мақсатында субсидиялар алушы жергілікті атқарушы органға осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша халықаралық қаржы ұйымының субсидияларды нақты пайдаланылуы туралы есепті тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-күніне дейін ұсынады.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 23.01.2026 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Жергілікті атқарушы орган осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне республикалық және жергілікті бюджеттерден субсидиялауға бөлінген бюджет қаражатының игерілуі туралы есепті тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-күніне дейін ұсынады.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 23.01.2026 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Жылдың қорытындысы бойынша республикалық бюджеттік бағдарламасының әкімшісі осы Қағидаларға 2 қосымшаға сәйкес субсидиялауға бөлінген бюджет қаражатын игеру туралы есепті қалыптастырады.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 23.01.2026 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Алып тасталды - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 23.01.2026 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Алып тасталды - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 23.01.2026 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Сумен жабдықтау және су бұру
ұйымдардың елді мекендерде
қолданыстағы активтерді
кеңейту, жаңғырту,
реконструкциялау, жанарту,
ұстап тұру және жаңа активтер
құру жөніндегі жобаларды іске
асыру үшін тартылған
халықаралық қаржы
ұйымдарының қарыздарын
өтеуге және оларға қызмет

**"Субсидиялардың нақты пайдаланылуы туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде
жинауға арналған нысан**

Ұсынылады: коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті органға

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет-ресурста
орналастырылған: www.gov.kz

Әкімшілік деректер нысанының атауы: "Субсидиялардың нақты пайдаланылуы
туралы есеп"

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі (нысан
атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): 1-СНПЕ

Кезеңділік: квартал

Есепті кезең: 20__ жылғы _____

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар
тобы: субсидиялар алушы, жергілікті атқарушы орган.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі:
есепті тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-күніне дейін ұсынады;

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі:

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Жинау әдісі: қағаз жеткізгіште, электронды түрде

Р/с №	Ұйымның атауы	Алынды (мың тенге)	Игерілді (мың тенге)	ауытқу (+, -) (+) артық төлем, (-) кемшілігі, тенге	Пайдаланылм а ғ а н субсидиялард ы қайтару (факт), тенге	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы
Мөрдiң орны (жеке кәсiпкерлер болып табылатын тұлғалардан қоспағанда)

Әкiмшiлiк деректердi өтеусiз
негiзде жинауға арналған
нысанға қосымша

**"Субсидиялардың нақты пайдаланылуы туралы есеп" атты әкiмшiлiк деректердi өтеусiз
негiзде жинауға арналған нысанды толтыру жөнiндегi түсiндiрме**

1. Әкiмшiлiк деректердi өтеусiз негiзде жинауға арналған нысан (бұдан әрi - Нысан)
Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған
тұжырымдамасы шеңберiнде инвестициялық жобаларды iске асыру барысы туралы
ақпаратты сапалы ұсыну мақсатында әзiрлендi.

2. Нысан мынадай ретпен толтырылады:

"Жолдардың коды" деген 1-бағанда реттiк нөмiрi көрсетiледi;

"Ұйымның атауы" деген 2-бағанда субсидия алған табиғи монополиялар субъектiсi
көрсетiледi, табиғи монополиялар субъектiлерi толтырады;

"Алынды (мың теңге)" деген 3-бағанда алынған субсидиялар сомасы көрсетiледi,
табиғи монополиялар субъектiлерi толтырады;

"Игерiлдi (мың теңге)" деген 4-бағанда игерiлген субсидиялар сомасы көрсетiледi,
табиғи монополиялар субъектiлерi толтырады;

5-бағанда "Ауытқу (+, -) (+) артық төлем, (-) кемшiлiгi, теңге" 3 және 4-бағандарда
көрсетiлген бөлінген және игерiлген субсидиялар сомасының айырмасы ретiнде
көрсетiледi;

"Пайдаланылмаған субсидияларды қайтару (факт), теңге" деген 6-бағанда өткен
қаржы жылында бюджет қаражатын (субсидияларды) пайдаланбау немесе толық
пайдаланбау сомасы көрсетiледi.

"Ескертпе" деген 7-бағанда.

Сумен жабдықтау және су бұру
ұйымдарының елдi мекендерде
қолданыстағы активтердi
кеңейту, жаңғырту,
реконструкциялау, жаңарту,
ұстап тұру және жаңа активтер
кұру жөнiндегi жобаларды iске
асыру үшін тартылған
халықаралық қаржы
ұйымдарының қарыздарын
өтеуге және оларға қызмет
көрсетуге арналған
шығындарын субсидиялау

"Субсидиялауға бөлінген бюджет қаражатының игерілуі туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан

Ұсынылады: коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті органға

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет-ресурста орналастырылған: www.gov.kz

Әкімшілік деректер нысанының атауы: "Субсидиялауға бөлінген бюджет қаражатының игерілуі туралы есеп"

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): 2-СББҚИ

Кезеңділік: квартал

Есепті кезең: 20__ жылғы _____

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: субсидиялар алушы, жергілікті атқарушы орган.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-күніне дейін ұсынады;

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі:

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Жинау әдісі: қағаз жеткізгіште, электронды түрде

Р/с №	Облыс, республикалық маңызы бар қала, астана атауы	Ұйымның атауы
1	2	3

кестенің жалғасы

Тікелей нәтиже				
Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлігі	Көрсеткіштердің жоспарлы мәндері	Іс-шаралардың нақты орындалуы, нәтижелерге қол жеткізу сатысы	Нәтижелерге қол жеткізу %
4	5	6	7	8

кестенің жалғасы

Тікелей нәтиже				
Жоспар (мың теңге)	Іс жүзіндегі атқару (мың теңге)	Атқарылу %	Бюджет қаражатын үнемдеу (мың теңге)	Игерілмеу (мың теңге)
9	10	11	12	13

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

Мөрдiң орны (жеке кәсіпкерлер болып табылатын тұлғалардан қоспағанда)

Әкімшілік деректерді өтеусіз
негізде жинауға арналған
нысанға қосымша

"Субсидиялардың нақты пайдаланылуы туралы есеп" атты әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме

1. Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан (бұдан әрі - Нысан) Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы шеңберінде инвестициялық жобаларды іске асыру барысы туралы ақпаратты сапалы ұсыну мақсатында әзірленді.

2. Нысан мынадай ретпен толтырылады:

"Жолдардың коды" деген 1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі;

"Облыс, республикалық маңызы бар қала, астана атауы" деген 2-бағанда Қазақстан Республикасы облыстарының, қалалардың мекендерінің атауы көрсетіледі;

"Ұйымның атауы" деген 3-бағанда субсидия алған табиғи монополиялар субъектісі көрсетіледі, табиғи монополиялар субъектілері толтырады;

"Көрсеткіштердің атауы" деген 4-бағанда тікелей нәтиженің көрсеткіші көрсетіледі;

"Өлшем бірлігі" деген 5-бағанда тікелей көрсеткішке байланысты саны немесе % көрсетіледі;

"Көрсеткіштердің жоспарлы мәндері", "Іс-шаралардың нақты орындалуы, нәтижелерге қол жеткізу сатысы", "Нәтижелерге қол жеткізу%" деген 6,7 және 8-бағандарда жоспарлы және нақты көрсеткіштерге қол жеткізу тікелей нәтиже көрсетіледі;

"Жоспар (мың теңге)", "Іс жүзіндегі атқару (мың теңге)", "Атқарылу%" деген 9,10 және 11-бағандарда жоспарлы және нақты мәнінің сомасы және табиғи монополиялар субъектісі бөлген және игерген субсидиялардың айырмашылығы көрсетіледі;

12-бағанда "Бюджет қаражатын үнемдеу (мың теңге)" 4 және 5-бағандарда көрсетілген бөлінген және игерілген субсидиялар сомасының айырмасы ретінде көрсетіледі;

"Игерілмеу (мың теңге)" деген 13-бағанда өткен қаржы жылында бюджет қаражатын (субсидияларды) пайдаланбау немесе толық пайдаланбау сомасы көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылыс
министрі міндетін атқарушының
2025 жылғы 30 шілдедегі
№ 287 бұйрығына
2-қосымша

Күштері жойылды деп танылған бұйрықтарының тізбесі

1. "Сумен жабдықтау және су бұру ұйымдарының елді мекендерде бар активтерді кеңейту, жаңғырту, реконструкциялау, жаңарту, ұстап тұру және жаңа активтер құру жөніндегі жобаларды іске асыру үшін тартылған халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздарын өтеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығындарын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2019 жылғы 5 тамыздағы № 619 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19196 болып тіркелді).

2. "Сумен жабдықтау және су бұру ұйымдарының және электр энергиясын беру мен онымен жабдықтау, жылу энергиясын беру мен онымен жабдықтау саласындағы ұйымдардың елді мекендерде бар активтерді кеңейту, жаңғырту, реконструкциялау, жаңарту, ұстап тұру және жаңа активтер құру жөніндегі жобаларды іске асыру үшін тартылған халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздарын өтеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығындарын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2019 жылғы 5 тамыздағы № 619 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 20 қаңтардағы № 37 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31755 болып тіркелді).

3. "Сумен жабдықтау және су бұру ұйымдарының және электр энергиясын беру мен онымен жабдықтау, жылу энергиясын беру мен онымен жабдықтау саласындағы ұйымдардың елді мекендерде бар активтерді кеңейту, жаңғырту, реконструкциялау, жаңарту, ұстап тұру және жаңа активтер құру жөніндегі жобаларды іске асыру үшін тартылған халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздарын өтеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығындарын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін

атқарушының 2019 жылғы 5 тамыздағы № 619 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 6 қаңтардағы № 2 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35623 болып тіркелді).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК